

**Маханбетова Айжан Бекболатқызының 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне
генетикалық факторлардың әсері» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «АгроОнеркәсіптік кешенниң тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі», «Мал шаруашылығын қарқынды дамыту» ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ҚР АШМ 267 «Асыл тұқымды мал өсірудегі селекция әдістерінің тиімділігін арттыру» 101 мақсатты қаржыландыру жобасы аясында «Асыл тұқымды табындарда көбею мәселелерін зерттеу және тел алу шығымын арттырудың заманауи әдістерін қолдану» тақырып тармақшасы (мемлекеттік тіркеу номері номер ИРН: BR06249373-OT-19) бағдарламасының және «Жас галымдарды грантық қаржыландыру» бағдарламасы аясында «Жас галым 2022-2024 жж.» «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» (мемлекеттік тіркеу номері номер ИРН: AP14972970) жобасы бойынша ғылыми-техникалық зерттеулері негізінде орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы кіріспеде, әдеби шолуда және зерттеу нәтижелерінде жақсы ашылған. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылымизерттеу нәтижелері еліміздің ауыл шаруашылығы ғылымына елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаган	Диссертациялық зерттеуді орындау кезінде докторант өзі жазу принципін жоғары деңгейде ұстанған. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелеріне толығымен талдау жүргізілген және ғылыми стилде жазылған. Сонымен катар, жұмыстың дәйектілігі, күрделілігі мен маңыздылығы, тәжірибелерді жоспарлау, алынған мәліметтерді өндеу, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою диссертациялық

			жұмыстарды жазу үшін белгіленген ережелерге сәйкес жазылған. Ғылыми – зерттеу жұмыстың барлық бөлімдері өзара байланысқан, ішкі бірізділік сакталған. Алынған қорытындылар мен ұсыныстар теориялық методологиялық тұрғыда нақты жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделіп, ашылған. Еліміздің аграрлық саласының маңызды проблемаларының бірі – халықты тамақ өнімдерімен, атап айтқанда сапалы етпен қамтамасыз ету болып табылады. Осы мәселені шешу үшін ірі қара малдан алынатын ет өнімдерін арттыру үшін, асыл тұқымды малдың үлесін арттыру, ол үшін мал басының сапасын жедел түрде көбейтуде ғылымның соңғы жетістіктерін көнінен пайдалану маңызды.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1)айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды 	Диссертацияның мазмұны жұмыстың тақырыбына сай құрастырылған және ғылыми-зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық айқындайды.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Етті бағыттагы генотипі әртүрлі атالық бұқалардың көбейтушілік қабілетіне генетикалық факторлардың әсерін анықтау.</p> <p>Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер анықталған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 Генотипі әртүрлі атальқ бұқалардың тұқымы мен шыққан тегінің өнімділігі мен дene бітімі ерекшеліктеріне генетикалық әсерін бағалаған; 2 Генотипі әртүрлі атальқ бұқалар шәуетінің сапа көрсеткіштері мен ұрықтанандыру қабілетіне әсерін анықтаған; 3 Генотипі әртүрлі бұқалардың шәуіт өнімділінің жыл маусымына және жасына байланысты әсеріне анықтаған; 4 Генотипі әртүрлі атальқ бұқалардың жасына байланысты физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін зерттеген; 5 Генотипі әртүрлі атальқ бұқалардың ұрпактарына тұқым қуалаушылық касиетінің басымдылығын бағалаған; 6 Генотипі әртүрлі атальқ бұқалар шәуітіндегі өсу гормоны гендерінің ұрпактарына әсерін зерттеген; 7 Генотипі әртүрлі бұқалардың көбейтушілік қабілеті бойынша

			<p>экономикалық тиімділігін есептеген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпка сай және толық орындалған.</p>
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ішкі бірізділік сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және сини талдау бар. Ұсынылған жаңа шешімдер нақты дәлелді және ғылыми негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа болып табылады. Қорғауға келесі қагидалар ұсынылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - етті бағыттағы генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлар әсері; - зерттелген көрсеткіштерге бір реттік дисперциялық талдау жүргізу және фенотиптік, генетикалық белгілер арасындағы байланысына зерттеу нәтижелері; - зерттелетін көрсеткіштерге жасы өзгешелігі мен жыл мезгілінің әсері; - зерттелген көрсеткіштеріне тұқым қуалаушылық касиеті мен өсу формоны гендерінің үрпақтарына әсері. <p>Зерттеу нәтижелеріне талдау жасалынып, ондіріске ұсыныстар әзірленген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңаболып табылады)</p>	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Докторант бұрын зерттелген зерттеулерге шолу жасап, алғынған нәтижелерді бұрынғы зерттеулермен салыстыру арқылы дәлелдеп, бағалаған. Әрбір бөлімдегі қорытындылар жаңа және оны жарияланған ғылыми басылымдар растайды.

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Мақсатқа жету үшін қолданылатын техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар зерттеуге қойылған міндеттердің қорытындысы бойынша ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. жақсы негізделген және зерттеудің мазмұнын көрсетеді.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кен</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ғылыми-ізденіс жұмысының зерттеу нәтижелері және диссертацияның негізгі қағидалары келесі басылымдарда: С. Сейфуллин атындағы Қазак агротехникалық университетінің қабырғасында өтетін жылдағы «Сейфуллин оқулары» халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференцияларында (Астана, 2017, 2018), XX Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ғылыми баяндамалар жинағы (Новосибирск қ., 4-6 қазан 2017 г.), 87 -96 беттер, НОВОСИБИРСК 2017. Сонымен қатар ҚР ЕжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бакылау комитеті ұсынған баспа тізіміне кіретін журналдарда 6 макала және 1 макала Scopus халықаралық ауылшаруашылық базасына енетін журналдарда: халықаралық ғылыми зерттеу жаршы және зоотехния журналдары (2017 ж. РФ, Мәскеу қ., Мичуринск 2018 г.); отандық ғылым жаршысы журналдарында (Семей қ., Шәкөрім атындағы Семей МУ, 2017ж; С. Сейфуллин атындағы КазАТУ, 2020 ж, Корқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Хабаршы журналы, №1(64) 2023 ж, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазакстан аграрлық техникалық университеті, Ғылым және білім журналы, №1-2 (70), 2023) және 1 макала Scopus халықаралық базасына кіретін журналдарда: «Brazilian Journal of Biology» (2023 ж. Қазақстан) жарияланып дәлелденген және ұсыныстары өндіріске енгізілген.</p>

8.	<p>Дәйектілік принциптер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок</p>	<p>Зерттеу әдістемесін таңдауы негізделген, нақты жазылған және жұмыста койылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді және зерттеу жұмыстарында қолданылған. Ғылыми-практикалық зерттеу жұмыстарының әдіснамасы диссертацияның тиісті бөлімінде сипатталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок</p>	<p>Койылған зерттеу жұмыстары мақсатына жету және міндеттерді орындау үшін генотпі әртүрлі етті бағыттағы атальқ бұқаларды таңдал, тұқымы мен шыққан тегінің өнімділігі мен дene бітімі ерекшеліктеріне генетикалық әсері, шауєтінің сала көрсеткіштері мен ұрықтандыру кабілетіне әсері, шауіт өнімділінің жыл маусымына және жасына байланысты әсері, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштері, ұрпақтарына тұқым қуалаушылық қасиетінің басымдылығы, өсі гармондарының ұрпақтарына әсері жалпы қабылданған арнайы бір факторлық дисперсиялық талдау, ПТР-ПДРФ және статистикалық болжам зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүргізген. Диссертациялық жұмыста статистикалық мәліметтерді талдау, яғни деректерді биометриялық өндөу SPSS for Windows және PAST.EXE қолданбалы бағдарламалары арқылы есептелінген, дегенмен бұл жұмыстың құндылығын томендепейді. Өйткені койылған мақсат пен міндеттер толық орындалған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен толық дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу бөліміне жеткілікті. Қолданылған әдебиеттер тізімі – 161.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация теориялық маңызға ие. Маханбетова Айжан Бекболатқызының жүргізген гылыми зерттеу нәтижелерінде алынған барлық гылыми нәтижелер сettі бағыттағы ірі қара мал шаруашылығында ет өнімділігін арттыруға бағытталған.</p> <p>Иә, диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Аталақ бұқалардың көбею қабілеттілігін генетикалық факторлары арқылы бағалап, іріктеу тәсілдерін кеңінен пайдалану арқылы етті бағытта есірілетін генетикалық жағынан сапасы жоғары ірі қара малдың жаңа ұнамды тип табынын қысқа мерзімде күру мүмкіндігі жоғары екенін айқындаиды.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және зерттеу нәтижесінде келесі ұсыныстар келтірілген:</p> <ol style="list-style-type: none"> Етті бағыттағы асыл тұқымды аталақ бұқалардың көбейтушілік қабілеттілігіне генетикалық әсерін бағалаған кезде, оның генотипі мен тұқымын негізге алу қажет. Өйткені зерттеу нәтижелері бұканың генотипі бойынша 22,0%, тұқымы 14,0% және 2,0% шыққан елі бойынша генетикалық әсер ететінін көрсетілген. Көбейтушілік қабілеттілігі бойынша генотипі әртүрлі бұқаларды іріктеғен кезде жыныстық рефлекстердің байқалуы, эякулят көлемі, тірі шәует саны, олардың козғалыштығы және концентрациясының онтайлы деңгейін ескеру керек, себебі аталағанған көрсеткіштер барлығы шәуеттің ұрықтандыру қабілетін болжау үшін ең негізгі шынайы көрсеткіштер болып табылған. Генотипі әртүрлі етті бағыттағы өндіруші бұқалар ұрпактарының ет өнімділігін болжау үшін салыстырмалы тірі салмағының индекс (СТСИ) тендігін пайдалануды ұсынамыз. Зерттеу нәтижелері ет өнімділігінің жоғары салмақтық сапасына әсер етуші қолайлы индексі 102%-ға тең болғанда жоғарғы ет өнімділік алуға болатыны көрсетілген. Әртүрлі тұқымдарға жататын өндіруші бұқаларды генотиптендеру нәтижесінің салыстырмалы талдауы жүргізгенде соматотропин және

			кальпаин гендерінің, тек қана тұқымның ішінде ғана емес сондай-ак тұқымаралық полиморфизім ерекшеліктері бойынша да анықтау қажеттігі ұсынылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сайкес келеді.

Шешім: Диссиденттың «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» атты тақырыбындағы диссертациясы айтарлықтай жоғары деңгейде орындалған, жоспарлары сауатты құрастырылған, ал оның авторы Маханбетова Айжан Бекболатқызы 6D080200 – «Мал шаруашылығы онімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС жетекші ғылыми қызметкері, а.ш.-ғ.к.


Қ. Абдуллаевтың қолын

RASTAIMYIN:

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бастылыми хатшысы аш.-ғ.к.



Қ. Абдуллаев



Б. Әжібеков